

**Алпысұлы, С.**

**Академик Е.А. Бөкетовке ескерткіш орнатылды / Серікбай Алпысұлы // Орталық Қазақстан. - 2006. - 14 желтоқсан. - Еңсеміз көтерілген күн**



Евней Арыстанұлы туралы жақсы сөздерді көп естігендіктен бе, әлде ғұлама ғалымның ғажайып қабілеттері еріксіз баурап, оның бойында, жалпы жаратылысында сиқырлы бір сыр бардай көрінетін әбден бекіген әсерімнен бе, әйтеуір бұл кісінің жүзінен жан жадыратар бір жылылық, нұр төгіліп тұратын.

Алты метрден астам биіктен төменге төне қарап тұрған асыл ағаның мейірімді жүзі жарқ етіп көрінгенде, бұған дейін бұлыңғырлау болып тұрған қыраулы қыстың күні шайдай ашылып, шуақтан шашу шашылып жөнелді. Жүректі керемет сезім кернеп, көзге жас үйірілді. Дүйім қазақтың маң-дайына біткен екінші университетті өз қолымен құрып, ұлт ғылымының көгінен құйрықты жұлдыздай ағып түскен қайран аға, жиырма жеті жылдан соң өз ордаңа қола мүсін болып қайта оралдың ба деген сөз талай көкіректе күмбірлеп-ақ тұрған шығар.

Иә, жақсыны жеп қоятын өмір заңына не істерсің?! Күншілдік пен зұлымдық әуелі бәйтеректей зәулім заңғарларды шырмап, улап өлтіреді. Елу сегіз жасында өмірден өтіп кетпесе қазақ ғылымы қандай болар еді деген кермек ой кеудеде кептеліп, маза бермейді. Тірі болса, бүгінде 80 жастағы абзал аға тәуелсіз отанының ғылымына жол сілтеп, абыз ақылманы болып отырмас па еді...

Бірақ осыған да шүкір деу керек. Ел жақсылары Б. Әшімов, К. Салықов, Ш. Уәлиханов, А. Қошанов, С. Қирабаев, Т. Молдағалиев, М. Сәрсекке былтырғы жылы Президентіміздің атына хат жолдап, академик Е. Бөкетовке ескерткіш қою туралы ұсыныс жасаған еді. Президент бұл ұсынысты құп алып, қолдады. Міне, облыс әкімі Н. Нығматулиннің тікелей араласуы арқасында қарағандылықтардың көп жылғы арманы орындалып, академиктің өз атындағы университет алдына еңселі ескерткіш орнатылды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына арналған жиынды университет ректоры, заң ғылымдарының докторы Е. Көбеев қысқаша сөзбен ашып, облыс әкімінің орынбасары С. Қанаев, ақын К. Салықов, жазушы М. Сәрсекке ескерткіш жамылғысын алып, арнау сөздерін айтты.

Салтанатқа университеттің профессор-оқытушылары, студенттер, қаладағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, арнайы қонақтар-жазушылар Роллан Сейсембаев, ақын Бақытжан Тобаяқов, академиктің шәкірттері: «Алюминий-Қазақстан» компаниясы АҚ кеңесшісі Асхат Әлкенұлы, Алматыдағы минералдық шикізатты кешенді өңдеу Ұлттық орталығының бас директоры, химия ғылымдарының докторы

Әбдірасыл Жәрменов, Евней Арыстанұлының қыздары Ақсұлу мен Деләпраз, ұлы Мәжит, інісі Қамзабай, қарындасы, филология ғылымдарының докторы Нұрсұлу Ыбырайқызы, ғалымның туған жері Солтүстік Қазақстан облысынан облыстық Мәслихат хатшысы Е. Жансейітов бастаған делегация - Шал ақын атындағы аудан (ғалымның туған ауданы) әкімінің орынбасары М. Телжанов және осы аудандағы Е. Бөкетов атындағы орта мектеп директоры қатысты.

Ескерткіш авторлары - қарағандылықтарға бірнеше тамаша туындыларымен танымал мүсінші А. Билық пен сәулетші С. Мордвинцев. Ескерткіште академик дәріс кафедрасына оң қолын тіреп, ойлы көзбен бүгінгі жас ұрпаққа мейірлене қарап тұр. Тұлғаның биіктігі 4,32 метр. Тұғыры қызыл граниттен жасалған. Ескерткіштің жалпы биіктігі жеті метрге жуық.

Соңғы жылдарда еліміздің көптеген қалаларында ұлтымыздың абыройы мен ар-намысы саналатын тұлғаларға қойылған қолайсыз да шалағай ескерткіштердің қаптап кетіп, оларды мақтан ете алмай, ұялыс тауып жүрген жағдайымыз тұрғысынан алғанда академик Евней ағамыздың ескерткіші еңселі де келісті, көрікті, мазмұнды болып шыққаны салтанатқа жиналған жұртты марқайтып тастады.

Ақылдылық пен адалдықтың шынайы үлгісі болған Евней аға жеткіншек ғалымдарға жол сілтеп өзінің ұстаздық ісін жалғастыра бермек.